

Ақтау қаласы «№10 жалпы білім беретін мектеп» КММ

**Педагог-психологтардың  
жылдық есебі  
2022-2023 оқу жылы**

Педагог-психологтар: Заманова Н.К. Наумова А.А.

2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспары құрылып, жоспарға сай іс-шаралар өткізілді. Психологиялық жұмыстың мақсаты: білім беру ордасында баланың табысты оқуы мен психологиялық дамуына қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау.

Психологиялық қызметтің жұмысы келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- Психодиагностикалық жұмыс
- Түзету-дамыту жұмысы
- Профилактика және психологиялық ағарту
- Консультация беру

Мектеп жасына дейінгі оқушылардың когнитивті және психоэмоционалдық жағдайын диагностикалау үшін бірқатар тестілер жүргізілді: «Қатарды жалғастыр», «Сан мен суретті қос», «Артығын тап». Диагностика нәтижесінде: «Қатарды жалғастыр» тесті бойынша: 23% оқушыларда жоғары деңгей, 52% оқушыларда орташа деңгей, 25% оқушыларда төмен деңгей. «Сан мен суретті қос» тесті бойынша: 27% оқушыларда жоғары деңгей, 47% оқушыларда орташа деңгей, 26% оқушыларда төмен деңгей; «Артығын тап» тесті бойынша: жоғары деңгей - 25% оқушыларда, орташа деңгей - 50% оқушыларда, төмен деңгей 25% оқушыларда.

### ***1-ші сынып оқушыларының мектепке бейімделуін анықтау мақсатында:***

Бірінші сынып оқушыларының бейімделу кезеңін талдайтын болсақ 2 топқа бөлуге болады: 1-топ балалары ұжымға салыстырмалы түрде тез араласып кетті, мектепке бейімделу жеңіл өтті, сабақта көңіл-күйлері жақсы және мұғалімнің талаптарын орындай білді. 2-топ балаларына мектеп өміріне үйренуге ұзағырақ уақыт кетті.

Бақылау жүргізу барысында олар оқудан гөрі ойынды артық көрді. Бұл оқушылар сабақта тынымсызданып, мұғалімнің талаптарын бірден орындауға асықпады.

Керн-Йерасек тестінің нәтижесі бойынша: 75% оқушыларда мектепке психологиялық дайындық деңгейі жоғары, 25% оқушыларда орташа, төмен деңгейдегі оқушылар анықталған жоқ. Қорыта келе Керн-Йерасек тесті бойынша 1

сынып оқушыларының мектепке психологиялық дайындықтары жеткілікті деңгейде деп айтуға болады.

Жалпы 1-ші сынып оқушылары 1-ші жартыжылдықтың соңында мектепке толық бейімделеді.

***Н.Г.Лусканова әдістемесі бойынша бесінші сынып оқушыларының орта буынға бейімделу кезеңін зерттеу.***

Мектеп оқушыларының жеке тұлға ретінде дамуының маңызды шарты – мектепте және сыныпта қолайлы әлеуметтік-психологиялық климаттың болуы.

Осыған орай қазан айында 5-сынып оқушыларымен «Н.Г.Лусканова» әдістемесі жүргізілді. Мақсаты: оқушылардың оқу мотивациясын анықтау.

10 сұрақтың жауаптары 0-ден 3 балға дейін бағаланады (теріс жауап - 0 балл, бейтарап -1 балл, оң жауап - 3 балл).

30-25 балл жинаған оқушылар мектепке бейімделуінің жоғары деңгейін-11

20-24 балл ортаңғы норманы-12

15-19 балл ішкі мотивацияны-2

10-14 балл және одан төменгі балл жинаған бала жоқ(мектепке деген теріс қарым-қатынасын, яғни мектеп дезадаптациясын көрсетеді)

| № | Сыныбы | Бейімделу деңгейі жоғары |      | Ортадан жоғары |      | Бейімделу деңгейі орташа |     | Бейімделе алмау |    |
|---|--------|--------------------------|------|----------------|------|--------------------------|-----|-----------------|----|
| 1 | 189    | 63                       | 33 % | 62             | 27 % | 58                       | 26% | 6               | 3% |

Оқу іс-әрекет мотивациясы оқуға бағытталғандықтан, сонымен қатар таным белсенділігімен және іс-әрекеттілігімен ерекшеленеді.

Оқушының жүріс-тұрысының мотивтерін білмей, оны тәрбиелеуге болмайды. Өйткені сол бір мінез-құлық, оқушыны ынталандыратын мотивтерге байланысты, түрлі өнегелі ойлы болуы мүмкін.

***9,11 сынып оқушыларының мамандыққа деген қызығушылығын зерттеу:***

11-сыныптарда «Мамандық таңдау» сауалнамасы бойынша келесі нәтижелерді көруге болады :

**А тобы бойынша:** 36% оқушылар құрал-саймандармен бау-бақшада жұмыс жасағанды ұнатуы мүмкін. Олар төмендегі мамандықтармен көбірек таныс болуы

керек: инженер-құрылысшы, фермер, жаттықтырушы, ветеринар, мердігер, ұшқыш, ағаш ұстасы, орманшы.

**Б тобы бойынша:** 11 % оқушыларда ұйымдастырушылық қабілеті жоғары және олар егжей-тегжейлі талдауды қажет ететін мамандықтарға назар аударғандары дұрыс: бағдарламашы; аэронавигациялық инженер; қаржылық талдаушы; бухгалтер; кітапханашы; банкир; медициналық техник.

**В тобы** бойынша 50% оқушыларда шығып тұр. Бұл оқушыларда адамдарды сендіре білу қабілеті жақсы дамыған. Олар староста немесе сыныптық іс-шараға жауапты адамдардың бірі болуы мүмкін. Мүмкін, олар топта жұмыс істей отырып, өз жұмысының бір бөлігін жолдастарына тапсыра алатын адамдар шығар. Олар жетекшілік ету, сендіру, басқару қажет мамандықтарда табысқа жете алады: кәсіпкер, сатушы, мектеп директоры, әскери, қонақүй менеджері, адвокат, саясаткер.

**Г тобы:** 7% Бұл топтағы оқушылар көбінесе сыныптағы іс-шараларға қатысқанды ұнатады. Олар достарымен телефон арқылы сөйлесуге көп уақыт жұмсайды. Кішкентай балаларға күтім жасаған ұнайды. Жалпы адамдармен жақсы қарым-қатынас жасай білуіне байланысты төмендегі мамандықтарды таңдауларына болады: мұғалім, репортер, медбике, дәрігер, психолог, жарнама агенті, кеңсе меңгерушісі.

**Д тобында** 18% оқушылар шығармашылық мамандықтарын таңдауға болады:актер, жазушы, фотограф, суретші, дизайнер, хореограф, музыкант,сәулетші.

**Е тобы:** 7% оқушылар аналитикалық дағдыларды талап ететін мамандықтарды таңдауға болады: психиатр, маркетинг бойынша маман, тергеуші, профессор, заңгер, медициналық зерттеуші, инженер-механик, инженер-электрик.

Қорыта келе, 11-сынып оқушыларының басым көпшілігі «В» тобын таңдады. Олар болашақта мамандықтарын дұрыс таңдауына кеңестер айтылып, бағыт-бағдар берілді.

### ***Климов әдістемесі бойынша:***

Оқушылардың 50%-ы «Адам-Адам» типіндегі мамандықты таңдады, яғни адамдарға қызмет көрсетуге және басқа адамдармен қарым-қатынас жасауға байланысты барлық мамандықтар (медицина, құқық тәртібі, оқыту және білім беру, қызмет көрсету саласы);

Оқушылардың 18%-ы «Адам-белгі техникасы» типіндегі мамандыққа бағытталған, яғни есептеулермен, сандармен және алфавиттік белгілермен; кестелермен байланысты барлық мамандықтар, оның ішінде музыкалық мамандықтар;

«Адам-көркем бейне» типі бойынша 21%, яғни еңбек объектісі – көркем бейнелер, олардың рөлдері, элементтері мен ерекшеліктері (мүсінші, суретші, сәулет өнері, поэзия немесе музыка, дизайн, актерлік шеберлік);

«Адам-Техника» түрінің 18% еңбек объектілері техникалық жүйелер, машиналар, аппараттар мен қондырғылар, материалдар.

4% «Адам-табиғат» типіндегі кәсіпке бағытталған, яғни тірі табиғатқа байланысты барлық кәсіптер, еңбек объектісі тірі организмдер, өсімдіктер, жануарлар мен биологиялық процестер және жансыз табиғат.

Бұл сауалнамалар оқушылардың қызығушылық аймағын анықтауға және дұрыс стратегиясын таңдауға мүмкіндік береді.

Ұсыныстар:

- мамандықтарын дұрыс таңдауға көмектесу көмектесу;
- мамандыққа байланысты тренингтер өткізу.

## **6-8 сыныптарда диагностикалық жұмыс «Топтық қарым-қатынасты анықтау»**

### **«Сишор» әдістемесі**

8-сыныптардан алынған нәтижелер бойынша: 29% оқушыларда топтық ұйымшылдық деңгейінің жоғары екендігін көрсетеді; 32% - орташадан жоғары деңгей; 49% – топтық ұйымшылдық орташа деңгейде. Сонымен, 8-сынып оқушылары бір-бірімен достық қарым-қатынаста бола білетінін көрсетеді.

7-сыныптар бойынша 27% оқушыларда топтық ұйымшылдық деңгейінің жоғары екендігін көрсетеді; 29% - орташадан жоғары деңгей; 44% - орташа деңгей.

6-сыныптар бойынша оқушылардың 17%-ы – топтық ұйымшылдық жоғары деңгейде; 59% - орташадан жоғары деңгей; 24% - орташа деңгей.

***Мазасыздықты анықтау мақсатында 10-сынып оқушыларымен Кондаш өткізілді. Нәтижесінде:***

**Мектептегі мазасыздану:** 87% оқушыларда мазасыздық деңгейі төмен, 13% орташа.

Өзін-өзі бағалаудағы мазасыздану: оқушылардың 84%-да өзін-өзі бағалаудағы мазасыздану деңгейі төмен; 16% орташа.

**Құрбыларымен қарым-қатынастан туындайтын тұлғааралық мазасыздық:** оқушылардың 86%-да осы шкала бойынша алаңдаушылық төмен деңгейде, 14% - ында тұлғааралық мазасыздық орташа деңгей.

**Жалпы мазасыздық:** 88% оқушыларда төмен деңгей, 12% орташа деңгей.

Қорыта келе, 10-сынып оқушыларында жалпы алаңдаушылықтың жоғары деңгейі анықталмады, бұл құрдастарымен жақсы қарым-қатынастың, сондай-ақ оқушылардың мектеп өміріне қанағаттанғанын және оқуға деген құштарлығын көрсетуі мүмкін.

***5-9 сынып оқушыларына зорлық-зомбылық пен буллингті анықтау мақсатында анонимді сауалнама жүргізілді.***

Оқушылардың 49%-ы зорлық-зомбылықтың алдын алуға болады деп есептейді, 51%-ы мүмкін емес, қарсы тұруға дайын болмай-ақ, күтпеген жерден болуы мүмкін деп есептейді.

Ал көшеде мұндай жағдайларға тап болмас үшін қауіпті байланыстардан қорғану керек. Сондай-ақ, өзіңізді қорғай алу үшін спортпен айналысу керек, өзін-өзі қорғау әдістерін үйрену керек деп жауап берді.

Кейбір балалар отбасындағы ата-ана арасындағы жанжал проблемасымен бетпе-бет келіп, түрлі жағымсыз сезімдерді: қорқыныш, ашу, сенімсіздік, депрессияны бастан кешіреді. 29% оқушылар отбасында зорлық-зомбылықтың алдын алу, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелері, жанжалсыз мінез-құлық туралы әңгімелер жүргізілмейтінін айтты.

Сауалнама нәтижелері бойынша ұсынымдар жасалды: сынып жетекшілері ата-аналар жиналыстарында зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселесі бойынша әңгімелесу жүргізіп, балалармен төзімділік туралы әңгімелер, пікірталас, сынып сағаттарын өткізу, кикілжіңнен шығу жолдарын үйрету.

Буллингті анықтау мақсатында жүргізілген сауалнама нәтижесі:

96% оқушылар «буллинг» ұғымы туралы біледі, 36% оқушылар біреулерге жасалатын буллинг туралы біледі, 14%-ы буллингке қарсы тұрған. Көп жағдайда, буллинг және кибербуллинг интернет арқылы жиі кездесетінін айтты.

***Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша Алтынсарин бағдарламасы пайдалануға ұсынылды.***

Қазан-қараша айларында «Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бағдарламасы жүзеге асырылды. Мақсаты: депрессия, мазасыздық, стресс деңгейін анықтау; эмоционалдық белгілерді, мінез-құлық проблемаларын, гиперактивтілікті және құрдастарымен қарым-қатынас мәселелерін анықтау.

ДАСС тесті 7,8, 11-сынып оқушыларынан, 9-сынып Спилбергер тесті алынды.

Диагностика нәтижесінде: 94% оқушыларда депрессия қалыпты деңгейде, 6% оқушыларда депрессия орташа деңгейде; 89% -ында мазасыздық қалыпты деңгейде, 11% оқушыларда мазасыздық орташа деңгейде; 94% оқушыларда стресс деңгейі бірқалыпты, 6% оқушыларда орташа. Сауалнама қорытындысы бойынша депрессия, үрей, стресс қалыпты деңгейде. Шектен тыс психикалық күй анықталған жоқ.

Оқушылардың 94%-ында эмоционалдық белгілер қалыпты деңгейде, мінез-құлық қиындықтары, гипербелсенділік сауалнама қорытындысы бойынша анықталған жоқ. 89% оқушыларда құрдастарымен қарым-қатынас деңгейі бірқалыпты, 11% оқушыларда орташа деңгейде, оқушылардың 6%-ында эмоционалдық белгілер бар.

Сауалнама қорытындысы бойынша оқушылардың көпшілігінде аутодеструктивті мінез-құлық белгілері анықталған жоқ. Барлық шкала бойынша көрсеткіш қалыпты деңгейде және арнайы жұмысты қажет етпейді.

Сауалнама қорытындысымен оқушылар, ата-аналар және сынып жетекшілері таныстырылып, тренинг жұмыстары жасалды. Сынып жетекшілері каникул кезінде балалардың бос уақытын ұйымдастырып, кинотеатр, театрға апарды.

***Стреске төзімділікті анықтау мақсатында педагогикалық ұжыммен тест жүргізілді.***

Нәтижесінде:

| жоғары | орташа | төмен |
|--------|--------|-------|
| 3%     | 68%    | 29%   |

3% мұғалімдерде – жоғары деңгей: Бұл мұғалімдер сабырлы адамдардың қатарында емес. Олар тез ашуланады және кез келген нәрсеге алаңдайды.

68% мұғалімдерде – орташа деңгей: Бұл топтағы мұғалімдер сәл нәрсегеге ашуланбайды. Сәтсіздіктерді жеңіл қабылдайды және тез ұмытады.

29% мұғалімдерде – төмен деңгей: бұл топтағы мұғалімдер сабырлы, салмақты және сәл нәрсеге ренжімейді.

Ұсыныстар: стресс қорытындысы бойынша жоғары деңгейдегі мұғалімдермен тренинг сабақтары өткізілді. Сондай-ақ жас мамандармен «Сіз қандай мұғалімсіз?» диагностикасы жүргізіліп, нәтижесімен таныстырылды. Сауалнамаға 6 жас маман қатысты. Мақсаты: жас мамандардың жалпы диагностикалық, кәсіби лайықтылығын анықтау. Қорытындысы бойынша 83% мұғалімдер 45-50 ұпай жинады: «Сіз шәкірт үшін биік тұлғасыз. Сіз бала тәрбиесіне жан-тәнімен берілген жансыз».

Әр жас маманға педагог этикасын сақтай білуі, қарым-қатынас мәдениетін меңгеруі, баланың жүрегінде жылылық ұялата білуі - басты парызы жайында айтылып, кеңестер берілді.

***Психокоррекциялық және психопрофилактикалық бағыты бойынша оқушылармен топтық және жеке сабақтар өткізілді.***

1-сынып оқушыларымен «Сиқырлы доп», «Маған ұнайды...», ««Апельсин» атты түзету-дамыту сабақтары өткізілді.

Сондай-ақ ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылармен жеке және топтық түзету-дамыту сабақтары жүргізілді.

Қыркүйек айында 5 сынып оқушыларымен «Алғаш рет бесінші сыныпта», «Достар ортасында» тақырыбында тренингтер жүргізілді.





Оқушы емтиханға дайындық кезінде алдымен өзінің алдындағы жауапкершілігін сезіне білуі керек. «Емтиханға даярланудың тиімді жолдары» тақырыбында мектеп психологы дәріс оқып, күн тіртібін, емтиханға дайындық орнын дұрыс ұйымдастыру, емтиханға дайындық барысында ақыл-ой және дене еңбегін ауыстырып отыру керектігі жөнінде кеңестер берді. Оқушыларға өздерін ұстау, бақылау, өздеріне сенімділіктерін күшейту мақсатында әртүрлі тренингтер жүргізіліп тұрды. Есте сақтау қабілетін анықтауға және жаттықтыруға арналған жаттығу жүргізілді. Бұл жаттығу естің бірнеше түрін (көру, есту, моторлық) немесе бір уақытта бірнеше түрі (аралас жады) даму ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік берді. Қаңтар айында 11 сынып оқушыларымен «Стресс-тест» жүргізілді. Мақсаты: оқушылардың бойындағы қобалжуды, ішкі қысымды төмендету. «Стрестің алдын алу үшін не істеу керек?» тақырыбында оқушыларға бірқатар кеңестер берілді. Психокоррекциялық жұмыстың бағытын талдай отырып, барлық жұмыстар педагогикалық ұжыммен тығыз байланыста жүргізіліп тұрды.



Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша Алтынсарин бағдарламасы пайдалануға ұсынылды. Осы бағдарлама бойынша 7-11 сынып оқушыларымен: ««Пікірталас – жанжал емес»», «Ашу-ыза билегенде не істеу керек?», «Қауіпті жағдайлар», Сыпайы бастарту», «Мен өзімді мақтай аламын», «Күйзелістен қалай құтылуға болады?», «Реніштен арылу», «Ой, сезім, мінез-құлық», «Қалай сұрауға болады?», «Менің құқықтарым», «Қиын жағдайлардан не үйренеміз?» атты бірқатар тренинг жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ «Менің өмірлік жоспарларым» тақырыбында шығарма, эссе жұмыстары жасалды.



Зорлық-зомбылық және буллингтің алдын алу бойынша «Күш көрсетпеңіз, сіз зорлық-зомбылықтан күштісіз!», «Буллинг және оған қарсы тұру», «Бірге жеңеміз» атты профилактикалық жұмыстар жүргізілді.

8-11 сынып оқушыларымен: «АИТВ/ЖИТС және нашақорлық» тақырыбында дәрігерлермен бірлескен семинарлар ұйымдастырылды.



Мамандықтарын дұрыс таңдай алмай жүрген мамандықтар әлемімен таныстыру тренингі жүргізілді. Балалар өздерін әртүрлі рөлдерде сынай алатын жаттығулар жүргізілді.

Сондай-ақ жыл ағымында қыз балалары арасында «Қазақ қызы әдемі» атты профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылды. Қыздар қызығушылық танытып, белсене қатысты.



Жасөспірімдердің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жыл ағымында 5-8 сынып оқушыларының ата-аналарымен «Балалардың ғаламтор

желісіндегі қауіпсіз мінез-құлқы» тақырыбында жиналыстар өткізіп, оларға психологиялық көмек көрсету және сүйемелдеу мақсатында, ақпараттық білім беру материалдарын таратты. Ата-аналарға қауіпсіз мінез-құлық тақырыбының өзектілігі түсіндіріліп, сұрақтар қойылды.

- Бала ғаламтор желісінде болғанда оған қандай қауіптер кездесуі мүмкін?

- Балаңызда тәуелділік қалыптаса бастағанын қалай білуге болады?

Психолог ғаламтор төндіретін қауіптермен таныстырып, жасөспірімдік кезеңде тәуелділіктің қалыптасу ерекшеліктерін айтып өтті.

Сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес мектеп әкімшілігімен бірлесіп, оқушылармен профилактикалық кеңестер өткізілді.

### ***Психологиялық азарту және консультация беру бағыты бойынша***

1,5 сынып ата-аналарымен «Сіздің балаңыз-оқушы!», «5-ші сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі» тақырыбында жиналыстар өткізілді.

Сондай-ақ ата-аналарға отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында психоағарту жұмыстары жүргізілді. «Бала мен ата-ана құқықтары, бала құқығын шектемеу және оған қатыгездік көрсетпеу» тақырып аясында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.





### ***Консультация беру бағыты***

Диагностикалардың нәтижесі бойынша психологиялық ұсыныстар және консультациялар жүргізілді.

2022-2023 оқу жылында барлығы 350-ден астам кеңестер беріліп, журналға тіркеліп отырды.

Оқушылар сыныптан тыс, жеке әңгімелесу кезінде жиі ашылып, өз мәселелерімен бөлісетінін атап кеткім келеді.

Жеке консультация әртүрлі мәселелер бойынша: бала тәрбиесі, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас, сыныптағы тұлғааралық қарым-қатынас, кәсіптік кеңес беру, қорқыныш пен үрейді жеңу бойынша берілді.

Оқу жылы барысында сұраныс бойынша оқушылармен, ата-аналармен, педагогтармен психологиялық кеңес беру, жеке және топтық түзу-дамыту жұмыстары белсенді түрде жүргізілді. Психологиялық қызметтің негізгі бағыттары бойынша 2022-2023 оқу жылында жоспарланған психологиялық жұмыстар легі толығымен атқарылды.